



Ғылыми мақала / Research Article

МҒТАР / IRSTI 03.02.00

<https://doi.org/>

Historical memory in the conditions of modern Kazakhstan: search for heroes and meanings

G. Sultangazy^a, L. Mukataeva^b, Zh. Nurbaev^b^aScientific Institute for the Study of the Ulus Jochi, Astana, Kazakhstan^bMaqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstanzhasulannurbayev@gmail.com

Abstract. The article is devoted to the analysis of the structure of collective historical representations in modern Kazakh society in the context of the crisis of official historiography after the collapse of the USSR. Based on the data of the author's sociological survey (N=120, a stratified sample of three generational cohorts: youth, adults, and retirees), we investigate how a new, pluralistic model of historical memory is formed in the context of the demonopolization of the past. The sample (N=120) was stratified by age and socio-economic status, including three target cohorts: 1) young people in the stage of active socialization (students, 17-22 years old; n=50); 2) economically active population (25-58 years old; n=38); 3) generation that has completed its career (pensioners; n=15). This design is aimed at fixing the potential «gap» of memory between groups. During the survey, respondents were asked to carry out non-directional identification of the most relevant, from their point of view, historical figures and events in politics and culture. The method of primary quantitative processing of raw data was the frequency analysis of responses, on the basis of which the corpus of the most mentioned elements was formed (with a threshold value of the frequency of mentions $\geq 15\%$), which formed the main subject of further analysis. The results demonstrate that mass historical consciousness is fragmented and emotionally affective, focusing not on systematic knowledge, but on key «reference points» symbolically significant personalities and events (both heroic and traumatic). The chronological blurriness in defining the beginning of «Kazakh history» is interpreted as a sign of an incomplete transition from the former «grand narrative» to the new foundations of national subjectivity. Thus, memory appears not as a fixed legacy, but as an active process of meaning generation, where fragmentary and emotional images of the past become the material for responding to the challenges of the present. The uncertainty about the moment when the «truly Kazakh history» begins is directly related to the disintegration of the «big narrative» and attempts to find a new basis for national historical subjectivity. We are dealing with an incomplete transition from the Soviet-imperial model of history to the national one, where new chronological and semantic guidelines are just being formed. In the mass consciousness, key events are structured around two types of meanings: heroic (consolidating) and traumatic (loss-related). This duality reflects a complex rethinking of the past, in which painful pages are juxtaposed with epic ones, both of which help to comprehend the national path. Thus, memory appears not as a fixed legacy, but as an active process where fragmentary and emotional images of the past become the material for responding to the challenges of the present.

Keywords: collective memory; historical memory; politics of memory; images of the past; modern Kazakhstan

For citation: Sultangazy G., Mukataeva L., Nurbaev Zh. Historical memory in the conditions of modern Kazakhstan: search for heroes and meanings. *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.4, no.4, pp.??-??. <https://doi.org/>

Фрагментарность и эмоциональность коллективной памяти в современном Казахстане

Г. Султангазы^а, Л. Мукатаева^б, Ж. Нурбаев^б

^а*Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан*

^б*Maqsut Narikbayev University, Астана, Казахстан*

Аннотация. Статья посвящена анализу структуры коллективных исторических представлений в современном казахстанском обществе в контексте кризиса официальной историографии после распада СССР. На основе данных авторского социологического опроса (N=120, стратифицированная выборка по трем поколенческим когортам). Выборка (N=120) была стратифицирована по возрасту и социально-экономическому статусу, включая три целевые когорты: 1) молодежь в стадии активной социализации (студенты, 17-22 года; n=50); 2) экономически активное население (25-58 лет; n=38); 3) поколение, завершившее трудовую деятельность (пенсионеры; n=15). Данный дизайн направлен на фиксацию потенциального «разрыва» памяти между группами. В ходе опроса респондентам предлагалось осуществить ненаправленную идентификацию наиболее релевантных, с их точки зрения, исторических персоналий и событий в политике и культуре. Методом первичной количественной обработки сырых данных стал частотный анализ ответов, на основании которого был сформирован корпус наиболее упоминаемых элементов (с пороговым значением частоты упоминаний $\geq 15\%$), составивших основной предмет дальнейшего анализа. Основной вопрос данной статьи: как в условиях монополизации прошлого формируется новая, плюралистичная модель исторической памяти. Результаты демонстрируют, что массовое историческое сознание носит фрагментарный и эмоционально-аффективный характер, акцентируясь не на систематическом знании, а на ключевых «опорных точках», символически значимых личностях и событиях (как героических, так и травматических). Хронологическая размытость в определении начала «казахской истории» интерпретируется как признак незавершенного перехода от прежнего «большого нарратива» к новым основам национальной субъективности. Неопределённость в вопросе о том, с какого момента начинается «подлинно казахская история», напрямую связана с распадом «большого нарратива» и попытками найти новую основу для национальной исторической субъективности. Мы имеем дело с незавершённым переходом от советско-имперской модели истории к национальной, где новые хронологические и смысловые ориентиры только формируются. В массовом сознании ключевые события структурируются вокруг двух типов смыслов: героических (консолидирующих) и травматических (связанных с утратами). Эта двойственность отражает сложное переосмысление прошлого, в котором болезненные страницы соседствуют с эпическими, и те и другие помогают осмыслить национальный путь. Таким образом, память предстает не как зафиксированное наследие, а как активный процесс, где отрывочные и эмоциональные образы прошлого становятся материалом для ответа на вызовы настоящего.

Ключевые слова: коллективная память; историческая память; политика памяти; образы прошлого; современный Казахстан.

Қазіргі Қазақстандағы ұжымдық тарихи жадтың үзіктілігі мен эмоциялық сипаты

Г. Султангазы^а, Л. Мукатаева^б, Ж. Нурбаев^б

^аЖошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

^бMaqsut Narikbayev University, Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақала КСРО ыдырағаннан кейінгі ресми тарихнама дағдарысы жағдайында қазіргі қазақстандық қоғамдағы ұжымдық тарихи идеялардың құрылымын талдауға арналған. Авторлық әлеуметтанулық сауалнаманың деректері негізінде (N = 120, үш ұрпақ когорты бойынша стратификацияланған іріктеме: жастар, ересектер, зейнеткерлер) өткеннің монополиясыздану жағдайында тарихи жадының жаңа, плюралистік моделі қалай қалыптасатыны зерттеледі. Іріктеме (N=120) үш мақсатты когортты қоса алғанда, жасы мен әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бойынша стратификацияланды: 1) Белсенді әлеуметтену сатысындағы жастар (студенттер, 17-22 жас; N=50); 2) экономикалық белсенді халық (25-58 жас; N=38); 3) еңбек қызметін аяқтаған ұрпақ (зейнеткерлер; n=15). Бұл дизайн топтар арасындағы жадтың ықтимал «алшақтығын» бекітуге бағытталған. Сауалнама барысында респонденттерге олардың көзқарасы бойынша саясат пен мәдениеттегі ең өзекті, тарихи персонал мен оқиғаларды бағытталмаған сәйкестендіруді жүзеге асыру ұсынылды. Шикі деректерді бастапқы сандық өңдеу әдісі жауаптарды жиілікті талдау болды, оның негізінде одан әрі талдаудың негізгі пәнін құрайтын ең көп айтылған элементтердің корпусы (сілтемелер жиілігінің шекті мәні $\geq 15\%$) құрылды. Нәтижелер бұқаралық тарихи сананың жүйелі білімге емес, негізгі «тірек нүктелеріне» – символдық маңызды тұлғалар мен оқиғаларға (батырлық және травматикалық) баса назар аудара отырып, фрагменттік және эмоционалды, аффективті екенін көрсетеді. «Қазақ тарихының» басталу анықтамасындағы хронологиялық бұлыңғырлық бұрынғы «үлкен әңгімеден» ұлттық субъективтіліктің жаңа негіздеріне аяқталмаған көшудің белгісі ретінде түсіндіріледі. Осылайша, жад бекітілген мұра ретінде емес, өткеннің эскиздік және эмоционалды бейнелері қазіргі кездегі қиындықтарға жауап беретін материалға айналатын семантикалық ұрпақтың белсенді процесі ретінде көрінеді.

Түйін сөздер: ұжымдық жады; тарихи естелік; жады саясаты; өткеннің бейнелері; заманауи Қазақстан

Сілтеме жасау үшін: Султангазы Г., Мукатаева Л., Нурбаев Ж. Қазіргі Қазақстандағы ұжымдық тарихи жадтың үзіктілігі мен эмоциялық сипаты. *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.3, no.3, pp.??-??. <https://doi.org/>

Kіріспе

КСРО-ның ыдырауы тек саяси өзгеріс қана емес, сонымен қатар тарихи білімнің іргелі негіздерін қайта қарауға мәжбүр еткен эпистемологиялық бетбұрыс болды. Бұрынғы

идеологияландырылған үлгінің күйреуінен кейін тарих ғылымы әдіснамалық дағдарысқа ұшырап, өзінің түсіндірушілік әлеуеті мен қоғамдық беделінің бір бөлігін жоғалтты. Легитимділік дағдарысы тарихи сананың түбегейлі демократиялануына жол ашты: өткенді түсіндіру және тарихи баяндауларды қалыптастыру ісіндегі мемлекет пен академиялық институттардың монополиясы күмән тудыра бастады. Нәтижесінде өткен тарих ұжымдық жад пен қоғамдық пікірталас кеңістігі ретінде қарастырыла бастады. Бұл кеңістікте қоғамның әртүрлі, кейде бір-бірімен бәсекелесетін көзқарастары ұлттық бірегейлік, қазіргі заман және болашақ туралы сан алуан түсініктерді қалыптастырады. Осылайша, тарих билік құралы ретіндегі қызметінен гөрі қоғамның ортақ мұрасы және үздіксіз қайта пайымдалатын құбылыс ретінде қабылдана бастады. Мақаланың мақсаты – салыстырмалы әлеуметтанулық талдау негізінде ұрпақтық ерекшеліктің (жастар, ересектер және зейнеткерлер) Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғалар туралы ұжымдық түсініктердегі айырмашылықтармен қандай деңгейде байланысатынын анықтау. Алынған нәтижелер қазіргі тарихи жадтың жай-күйін сипаттап қана қоймай, өткенді түсіндірудің монополиялық моделінен плюралистік үлгісіне өту кезеңін бастан кешіріп отырған қоғамдағы негізгі тарихи нарративтердің біртұтастығы немесе бытыраңқылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осы мақсатқа сәйкес зерттеуде әлеуметтанулық сауалнама әдісі қолданылды. Ол ұсынылған ғылыми болжамдарды тексеруге және нақтылауға мүмкіндік беретін құрал ретінде пайдаланылып, қоғам мен өткеннің өзара байланысын тарихи тұлғалар мен оқиғалардың қоғамдық жадтағы маңызын айқындау арқылы неғұрлым шынайы түрде көрсетуге жағдай жасайды.

Әлеуметтанулық зерттеудің негізін жанама түрде жүргізілген жабық сауалнама құрады. Респонденттердің саны мен жас құрамы 17 жастан бастап одан жоғары барлық жас санаттарын қамтитындай етіп іріктелді. Жас ерекшеліктеріне шектеу қойылмады. Сауалнама нәтижелері респонденттердің отандық тарихқа қатысты ұжымдық таңдауларын көрсетіп, қоғам өмірінде символдық мәнге ие әрі біріктіруші қызмет атқаратын тарихи оқиғалар мен тұлғалардың шеңберін анықтауға мүмкіндік берді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің эмпирикалық негізін Қазақстандағы өткен тарих туралы ұжымдық түсініктердегі ұрпақтық ерекшеліктерді айқындау мақсатында жүргізілген авторлық сауалнама құрайды. Іріктеме көлемі 120 респондентті ($N=120$) қамтып, жас ерекшеліктері мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы ескеріле отырып қалыптастырылды. Зерттеуге үш топ енгізілді: 17-22 жас аралығындағы студенттер ($n=50$), 25-58 жас аралығындағы азаматтар ($n=38$) және зейнеткерлер ($n=15$). Зерттеу дизайнының негізгі мақсаты – әртүрлі ұрпақтардың тарихи жадындағы ықтимал айырмашылықтарды анықтау болды. Сауалнамаға қатысушылар саясат пен мәдениет саласындағы өздері ең маңызды деп санайтын тарихи тұлғалар мен оқиғаларды еркін түрде атады. Алынған мәліметтер жиіліктік талдау әдісі арқылы өңделді. Нәтижесінде аталу жиілігі 15% жоғары болған тарихи тұлғалар мен оқиғалар іріктеліп алынып, олар кейінгі талдаудың негізгі нысанына айналды.

Әдебиеттерге шолу

Бүгінде қоғам өзінің өткені туралы түсініктерімен үйлесетін әрі қазіргі болмысын тереңірек ұғынуға мүмкіндік беретін тарихты күту жағдайында тұр.

Осы тұрғыдан алғанда өткенді зерттеуде кеңінен қолданылатын тәсілдердің бірі – ұжымдық жад тұжырымдамасын пайдалану маңызды болып табылады. «Ұжымдық жад» ұғымын ғылыми айналымға алғаш рет XX ғасырдың бірінші жартысында француз ғалымы Морис Хальбвакс енгізген (Хальбвакс 2005: 40-41). М. Хальбвакстың түсіндіруінше, ұжымдық жад – бұл қазіргі уақытта топтың бірлігі мен бірегейлігін сақтауға қызмет ететін, әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан және үнемі жаңғырып отыратын өткеннің бейнесі. Сонымен бірге аталған феноменге қатысты ортақ қабылданған нақты анықтама қалыптаспағанымен, ол ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылып келеді. Бұл бағыттың дамуына Алейда Ассман, Дэниел Вегнер және басқа да зерттеушілер елеулі үлес қосты (Ассман, Вегнер 2004; Нора 1999: 17-50; Рикёр 2004). М. Хальбвакс жадты әлеуметтік сипаттағы, көптүрлі және тарихқа белгілі бір дәрежеде қарсы қойылатын құбылыс ретінде қарастырса, А. Ассман бұл тұжырымдаманы жүйелеп әрі толықтырды. Ол ұжымдық жадтың коммуникативтік және мәдени түрлерін бөліп көрсететін типология ұсынып, бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне, ұзақ мерзімді уақыт көкжиектеріне, сондай-ақ жадтың ұлттық бірегейлік пен тарихи жарақат мәселелерімен байланысына ерекше назар аударды.

Посткеңестік ғылыми кеңістікте бұл әдіс ресейлік (Емельянова, Кузнецова 2013; Емельянова 2016), қырғызстандық (Ногойбаева 2017; Кожобекова 2018; Битикчи 2018) және беларусьтік зерттеушілердің (Казакевич 2011) еңбектерінде кеңінен қолданылып келеді. Оның басты артықшылықтарының бірі – пәнаралық сипаты. Бұл ерекшелік ұжымдық жадқа қатысты үдерістерді әртүрлі ғылыми көзқарастар тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде тарихи, әлеуметтік, мәдени, саяси және психологиялық факторлардың ұжымдық жадтың қалыптасуы мен қызмет етуіне ықпалын кешенді түрде талдауға жол ашылады.

Ұжымдық жад феномені, тарих пен жадтың өзара ықпалы және олардың тығыз байланысы Д. Жуков пен З. Чеканцеваның еңбектерінде қарастырылады (Жуков 2013; Чеканцева 2015). Ал жадты зерттеу мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселелеріне қатысты қызықты ғылыми тұжырымдар З. Карагезовтың, К. Медеуованың және Ж. Нұрбаевтың еңбектерінде ұсынылған (Карагезов 2009; Медеуова 2015; Медеуова 2017; Нұрбаева 2018). Ұжымдық жадтың әлеуметтік қырларын бұрынғы кеңестік кеңістік материалдары негізінде В. Шнирельман зерттеген (Шнирельман 2016). Сонымен қатар ұжымдық жад пен бірегейлікті қалыптастыру мәселелері Қазақстанда да белсенді түрде зерттелуде. Осы бағыттағы зерттеулердің нәтижелері бірқатар авторлардың қатысуымен жарық көрген ұжымдық монографияда жарияланған (Медеуова және т.б. 2016).

Нәтижелер

Қазақ қоғамында тарих дәстүрлі түрде объективті хронология ретінде емес, негізгі тарихи тұлғалар мен шешуші кезеңдердің төңірегіне шоғырланған тірі ұжымдық жад ретінде өмір сүрді. Бұл жад терең функционалдық сипатқа ие болды: ол тек өткен оқиғаларды сақтап қана қоймай, қоғамдық бірегейлікті қалыптастырып, әлеуметтік

тәртіптің заңдылығын негіздеп, дала жағдайында өмір сүрудің стратегиялық тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды. Оның іріктемелі сипаты кездейсоқ емес, керісінше ұтымды болды. Көшпелі тұрмыстағы қарапайымдылық сияқты, ұжымдық жад та тек ең маңызды әрі мәнді оқиғаларды ғана сақтап, оларды ауызша эпикалық жырлар мен шежірелік дәстүр арқылы ұрпақ санасына орнықтырды. Жазба мәдениеті толық қалыптаспаған немесе шектеулі деңгейде дамыған жағдайда, А. Ассман сипаттаған коммуникативтік жадты сақтауда дала зиялылары – қариялар мен жыраулар жетекші рөл атқарды. Олар М. Хальбвакс көрсеткен ұжымдық жадтың әлеуметтік шеңберлерінің негізгі тасымалдаушылары ретінде оның уақыттық, кеңістіктік және құндылықтық бағдарларын айқындады. Қариялар мен жыраулардың қызметі дала элитасының жадтың мәдени жадтың іргетасы ретіндегі маңызын терең түсінгенін көрсетеді. Өйткені мәдени жад қоғамның тарихи сабақтастығын қамтамасыз ететін, қауымды топтастыратын және көшпелі мемлекеттіліктің беріктігін нығайтатын маңызды тетік болды. Бұл қызмет арнайы мемлекеттік тапсырыссыз-ақ жүзеге асырылып, қазақ қоғамының ішкі рухани және әлеуметтік қажеттіліктерінен туындады.

Отарлық және кеңестік кезеңдер ұжымдық жадтың терең үзіліске ұшыраған дәуірі болды. Бұл тек саяси жүйенің өзгеруі ғана емес, сонымен бірге ұжымдық жадты мақсатты түрде өзгерту мен қайта кодтауға бағытталған үдеріс еді. Жад тасымалдаушыларына, яғни қариялар мен билерге қарсы жүргізілген қуғын-сүргін, сондай-ақ тіл мен уақытты идеологиялық бақылауға алу (кеңестік мерекелер жүйесі, тарихты қайта жазу) тарихи жадты сақтау тетіктеріне елеулі нұқсан келтірді. Марксистік-лениндік және отарлық қағидаттарға негізделген канондық «ресми тарих» дәстүрлі қоғамның тірі тарихи жадынан оқшауланып, оған қарсы қойылды. Нәтижесінде халықтың тарихи тәжірибесіне негізделген жад шеттетіліп, қоғамдық өмірдің шеткері кеңістігіне ығыстырылды. Көптеген «жад орындары», яғни қасиетті мекендер мен ата-баба қорымдары жойылды, кей жағдайда өзінің бұрынғы маңызынан айырылды. Ал олардың орнына кеңестік қайраткерлерге арналған ескерткіштер қойылып, жаңа империялық бірегейлікті қалыптастыру көзделді. Ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін сияқты ауқымды қасіреттер көбіне А. Ассман сипаттаған «зерделенбеген өткеннің» көрінісіне айналды. Кеңестік кезеңде бұл оқиғаларды ашық еске алуға және талқылауға мүмкіндік болмағандықтан, олар қоғамдық санада толық пайымдалмаған тарихи жарақат ретінде сақталды. Соның салдарынан тарихи жадтың сабақтастығы әлсіреп, қоғамда өткенді қабылдаудың үзік әрі қайшылықты үлгісі қалыптасты.

Сауалнама барысында респонденттер ең алдымен қазақ тарихында маңызды рөл атқарған тарихи тұлғаларды атауы тиіс болды. Бір қызығы, бұл сұраққа жауап беру кезінде қатысушыларға «қазақ тарихы» деген жалпы ұғымнан басқа ешқандай уақыттық шектеу қойылған жоқ. Замандастарымыздың тарихи тұлғаларға қатысты таңдаулары төмендегідей көрініс тапты:

№1 Кесте

Тарихи тұлғалар	Студенттер, жастар	Еңбекке қабілетті ересек халық	Зейнеткерлер
Керей мен Жәнібек хандар	72%	45%	26,5%

Абай	48%	26,3%	66,7%
Қасым хан	36%	5,7%	-
Тәуке хан	32%	15,8%	-
Абылай хан	30%	28,9%	26,6%
Кенесары хан	22%	10,5%	26,6%
Ә. Бөкейхан	20%	5,2%	26,6%
Әбілқайыр хан	12%	7,8%	13,3%
Ы. Алтынсарин	10%	21%	53,3%
Есім хан	8%	2,6%	-
Қабанбай батыр	8%	13,1%	-
Бұқар жырау	8%	5,2%	-
Ш. Уәлиханов	4%	26,3%	46,7%
Жәңгір хан	-	7,8%	-
Бөгенбай батыр	-	10,5%	-
Шынғысхан	-	2,6%	-
Д. Қонаев	-	2,6%	-

Сауалнама нәтижелері әртүрлі жас топтарының тарихи тұлғаларға деген көзқарасын және олардың тек отандық тарих аясында ғана емес, қазіргі қоғамдық санадағы өзектілігін де айқын көрсетеді. Әртүрлі ұрпақ өкілдерінің тарихи таңдауларының тоғысатын тұсы ретінде Жәнібек пен Керей хандар, Абай және Абылай хан тұлғалары ерекшеленеді. Ал Кенесары Қасымұлы, Әлихан Бөкейхан, Қасым хан және Тәуке хан сияқты тұлғалар кейбір жас топтарында 30 пайыздан жоғары көрсеткішке ие болғанымен, барлық буындарға ортақ тарихи символдар қатарына енбеген (1-кестені қараңыз). Мысалы, Қасым хан жастар арасында ерекше маңызға ие тарихи тұлға ретінде танылса, ересек және зейнеткер респонденттер бұл тұлғаны сирек атаған. Осындай жағдай Кенесары хан, Тәуке хан және Әлихан Бөкейханға қатысты да байқалады. Ал Жәнібек пен Керей хандардың, Абайдың және Абылай ханның аталу жиілігінің барлық жас топтарында салыстырмалы түрде жоғары болуы қазақстандық қоғамның оларды мемлекеттілік пен ұлттық бірегейліктің негізгі символдары ретінде қабылдауға дайын екенін көрсетеді. Бұл тұлғалар әртүрлі ұрпақтардың тарихи санасында ортақ маңызға ие болып, қоғамды біріктіретін тарихи бейнелердің қатарына жатады.

Респонденттердің жауаптары Хальббакстың жадтың маңызды тұлғалардың төңірегіне шоғырланатыны туралы тезисін айқын көрсетеді. Ауызша дәстүр жағдайында тарих тұлғалар арқылы кристалданып, бұл ерекшелік қазіргі санада да тұрақты түрде сақталуда. Аталған әрбір тұлға жай ғана адам емес, оның төңірегінде тұтас бір жад қабаты – дәуір, құндылықтар, жеңістер шоғырланатын символдық түйін болып табылады.

Екіншіден, респонденттер қазақ халқының тағдырында шешуші рөл атқарған оқиғаларды атауы тиіс болды. Іріктелген оқиғалар ұсынылған тарихи тұлғалардың қызметімен тікелей байланысты болды.

Таблица №2

Тарихи тұлғалар	Студенттер, жастар	Еңбекке қабілетті ересек халық	Зейнеткерлер
Қазақ хандығының пайда болуы	100%	34,2%	53,3%
Ресей бодандығын қабылдау	32%	21%	26,7%
Алаш Қазақ автономиясының жариялануы	30%	7,9%	26,7%
Кенесары Қасымұлының көтерілісі	16%	10,5%	20%
Қазақ-жоңғар соғысы	26%	31,6%	26,7%
Ақтабан шұбырынды	20%	34,2%	26,7%
Аңырақай шайқасы	10%	-	-
Жеті Жарғының пайда болуы	22%	10%	5,4%
Қазақстанның Тәуелсіздік алуы	16%	2,6%	-
Төңкеріске дейінгі уақытта Қазақстанда орыс мектептерінің ашылуы	-	-	-
Абайдың «Қара сөздерінің» жарыққа шығуы	-	-	5,4%
1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы	-	5,2%	-
Ұлы Отан соғысы	-	2,6%	-

Біріктіруші әлеуетке Қазақ хандығының құрылуы, қазақ-жоңғар соғыстары және Ресей бодандығын қабылдау сияқты оқиғалар ие. Оқиғалар тізімі көрнекті тұлғалар тізімімен өзара сәйкес келеді.

Үшіншіден, біз негізгі оқиғаларды бөліп көрсету және маңызды тұлғаларды айқындау арқылы ұжымдық жадтың қалыптасуына ықпал ететін басты ресурстарды анықтадық. Респонденттер негізгі дереккөздер ретінде интернетті, теледидарды, кітаптарды және тарихи фильмдерді атады.

Интернет қазіргі қазақстандық қоғам үшін негізгі ақпараттық ресурстардың бірі болып табылады. Мысалы, студенттердің 80%-ы тарихи ақпаратты көбіне интернет көздерінен алатынын көрсеткен; ересек тұрғындардың 50%-ы және зейнеткерлердің 33,3%-ы тарихи ақпаратты интернеттен табады.

Теледидар жастардың 14%-ы, ересек тұрғындардың 34,2%-ы және зейнеткерлердің 33,2%-ы үшін ақпарат көзі болып табылады. Әлеуметтік желілерді жастардың 28%-ы, ересек тұрғындардың 26,3%-ы және зейнеткерлердің 20%-ы пайдаланатынын көрсеткен.

Кітаптар жастардың 96%-ы үшін тарихи жадты қалыптастырудағы бірінші орында тұр. Сонымен қатар кітаптарға ересек тұрғындардың 76,3%-ы және зейнеткерлердің 40%-ы жүгінеді.

Фильмдер де ересек және зейнеткер жастағы топтар үшін тарихи білімнің көзі болып табылады – тиісінше 7,9% және 26,6%.

Осы блок бойынша жауаптар қоғамның ресми дерек көздерге сенімсіздігі туралы тезисті растайды. Сонымен бірге тарихи сананы қалыптастыру жауапкершілігі мемлекеттің ғана монополиясы болып табылмайды. Ең маңызды әлеуметтік институттардың бірі ретінде отбасының бұл үдеріске ықпал етуге толық мүмкіндігі бар. Алайда респонденттердің жауаптары бүгінгі таңда отбасының бұл рөлді атқармайтынын және тарихи жадты сақтау, тіпті оны қалыптастыру функциясын өз мойнына алуға дайын еместігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, біздің зерттеуіміз қазіргі қазақстандықтардың тарихи санасы мен жады тіпті ең егде жастағы респонденттердің балалық шағымен де байланысы жоқ алыс өткен кезеңдердегі оқиғалар мен тұлғаларға негізделетінін көрсетеді. Сонымен қатар Морис Хальбвакстың пікірінше, ұжымдық жад белгілі бір шеңберлер аясында қалыптасуы тиіс (Хальбвак 2005). Осы тұрғыдан алғанда қазіргі қоғам үшін Қазақ хандығының құрылуы, қазақ-жоңғар соғыстарының тарихы және «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары ерекше маңызға ие. Бұндай ерекше маңызға ие болуы қазақтардың этникалық тарихына қайта оралу үдерісі XX ғасырдың 80-жылдарының соңы мен 90-жылдарының басында ғана басталғанына қарамастан байқалып тұр. Оқиғалар мен тұлғаларды таңдау таңғалдырады, өйткені респонденттердің жартысы кеңестік кезеңде мектепте білім алған. Олуақыттар республикалар тарихының орнына коммунистік партия жетістіктерінің тарихы оқытылды. Тарихты осылайша оқыту қазақ этносының өзінің өткен тарихы туралы білімдерден алшақтауына алып келді. Респонденттердің ішінде тек студент жастар ғана тарихи ақпаратты үздіксіз алу жағдайында отыр, өйткені олар мектепте, кейін колледжде және университетте білім алуда. Ал қалған респонденттердің «қазақ тарихы» туралы түсінігі біршама үстірт және алыстау сипатқа ие. Соған қарамастан, сауалнама нәтижелері барлық ұрпақ өкілдері бірдей қабылдайтын өткеннің бейнелерін көрсетеді. Яғни респонденттердің басым көпшілігі тарихи жадтың шамамен бірдей көрінісін қалыптастырады. Өткеннің бейнесінің қалыптасуы біздің өмір сүріп отырған ақпараттық кеңістікпен тікелей байланысты екені анық: мектептегі тарих бағдарламасы, тарихи фильмдердің түсірілуі, жоғары оқу орындарындағы отандық тарих курстары, Қазақ хандығының 550 жылдығының кең көлемде аталып өтуі. Жас ұрпақ үшін бұл оқиғалар мектеп пен университет бағдарламалары аясында материалды терең оқып-үйрену арқылы өзектендірілген. Алайда ортақ тарихи бейнелер қалыптасқанымен, олардың маңыздылығы әртүрлі жас топтарында бірдей қабылданбауы мүмкін. Ересек буын бұл таңдауға неғұрлым саналы түрде келіп, оны қазіргі мемлекеттіліктің бастауларына ең жақын тұрған шешуші оқиға ретінде бағалайды. Ал жастар бұл оқиғаларды көбіне білім беру мен ақпараттық саясаттың ықпалымен өзектендіреді, бірақ олардың жеке және қоғамдық өміріндегі маңызын қасиетті құндылық ретінде әрдайым терең сезіне бермейді.

Талқылау

Тарихи жадты зерттеуші белгілі ғалым Алейда Ассман этникалық немістердің ұжымдық жадын қалыптастыру үдерісінде төрт кезеңді бөліп көрсетеді. Оның пікірінше, өткеннің оқиғалары қазіргі неміс қоғамында белгілі бір кінә сезімін тудырады және ХХІ ғасырдың басына қарай олар оған қатысты мынадай кезеңдерден өтті: ұмыту, ұмытпау үшін есте сақтау, еңсеру үшін есте сақтау, тарихпен диалог (Ассман, 2004). Неміс қоғамының тарихпен белсенді өзара әрекеттестікте екені және оған қатысты әртүрлі эмоцияларды бастан өткеретіні анық. Өткен оқиғаларды қайта пайымдау үдерісі жүріп жатыр, ал бұл өз кезегінде өзін өткенде де, қазіргі уақытта да тануға және қабылдауға алып келеді. Тарихпен жүргізілген диалог нәтижесінде қалыптасқан жаңа мағыналар белгілі бір дәрежеде қазіргі неміс қоғамы тікелей қатыспаған оқиғалар үшін жауапкершілік сезімін қалыптастырып, қазіргі кездегі іс-әрекеттерді түзетіп отырады.

Осы үлгіні пайдалана отырып, қазақстандық қоғамның «ұмытпау үшін есте сақтау» кезеңінде тұрғанын болжауға болады. Неліктен оқиғаларға бай әрі ұзақ тарихымыз бола тұра біз тек екінші кезеңде тұрмыз? Объективті тұрғыдан алғанда жағдай былай өрбіді: қазақтар ХVІІІ ғасырда Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін, өкінішке қарай, өздерінің табиғи құқықтарын жүзеге асыруға қолайлы жағдайға ие болмады. Экономикалық тұрғыдан дәстүрлі шаруашылық жүйесі бұзылды; саяси тұрғыдан билік ресурстары қазақтар өкілдік етпеген отарлық басқару органдарының пайдасына қайта бөлінді; мәдени тұрғыдан орыстандыру үдерісі жүрді. Одан кейін кеңестік қауымдастық құру жөніндегі ауқымды жобаны жүзеге асыруға бағытталған большевиктік әлеуметтік эксперименттер кезеңі басталды. Жаңа типтегі адамды қалыптастыру үшін өткенге және оның бастапқы бірегейлігімен байланысты кез-келген көріністерге орын қалмайтын негіз дайындау қажет болды. Бұл үдеріс этностың, әлеуметтік топтың және жеке тұлғаның бірегейлігі қалыптасатын табиғи ортаны бұзу және жоюмен қатар жүрді. Осылайша Кеңес Одағында орыс тілі бүкіл қоғамдық кеңістікті қамтып, ұлтаралық қатынас тіліне айналды. Ол басқа тілдерді ығыстырып, бүгінгі күні де этносшілік, тіпті отбасы ішіндегі қарым-қатынас құралы ретінде қолданылып келеді. Қазақстан тарихы пәні өткенмен байланысты қамтамасыз ете алатын еді, алайда ол оқу бағдарламаларынан әдейі алынып тасталды. Өз уақытында О. Сүлейменов өзі және өз буынының көптеген өкілдері әлем тарихын жақсы білсе де, өз халқының тарихын неге соншалықты аз білетіндігі туралы мәселе көтерген болатын (Сүлейменов 1975). Осылайша мемлекеттік және партиялық органдар тарапынан өткен туралы жадты өшіруге бағытталған мақсатты жұмыс жеткілікті дәрежеде табысты жүргізілді.

Соңғы отыз жылдағы оқиғалар қазақстандықтардың ұлттық тарихқа деген қызығушылығының артқанын көрсетеді. Сонымен қатар оқулықтарда берілген тарихи материал қоғам тарапынан сенімсіздік пен күмән тудырады. Қоғамда кеңестік өткенге қатысты пікірталас әлі де жалғасуда және ол кеңестік жүйенің пайдасына шешіліп отырған жоқ. Кеңестік идеология мен тарихты қайта қарау үдерістері жүріп жатыр. Дискредитация тек тарихты ғана емес, кеңестік құрылыстың экономика, саясат, мәдениет сияқты барлық салаларын қамтыды. Посткеңестік қоғам өзін алданғандай сезініп, ақиқатты іздеу барысында белсенді түрде өткенді еске алу кезеңіне өтті. Алайда немістер мен француздардан айырмашылығы, біз өткеннен мақтаныш нысандарын

ізdedік. Осы ізденіс барысында кеңестік кезеңде бізден жасанды түрде ажыратылған қазақтың көптеген дәстүрлері қайта анықталды. Мәселен, көшпелі қоғамға тән рулық бөлініс қазіргі қазақтың игілігіне айналды. Ру тарихын зерттеу қозғалысы бүкіл қоғамды қамтып, стихиялық сипат алды: рулық тақырыптағы сайттар, белгілі бір рудың рөлін дәріптеуге арналған кітаптар пайда бола бастады. Біз көптеген мәліметтерді сыни тұрғыдан талдамай қабылдайтын болдық. Мұның ақыр соңында бұрмаланған сипат алып, түрлі мифтердің қалыптасуына әкелгенін мойындау қажет. Әрине, өткенді қайта жаңғыртудың мұндай формасы қабылдауға келмейді. Өйткені ол этнос ішіндегі негізсіз әсекелестіктің күшеюіне және тарихтың ғылым ретіндегі құндылығының төмендеуіне қауіп төндіреді.

Жад мәселесінің қазіргі қазақтың бірегейлігі проблемасымен және оның өткен мен қазіргі оқиғалармен байланысын сезінуге деген табиғи қажеттілігімен байланысты екені анық. Ру тарихы белгілі бір дәрежеде оған өзін өткенмен сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бүгінде белгілі себептермен үзіліп қалған дәстүрлердің қайта жаңғыруы жүріп жатыр. Тарих туралы терең білім болмағандықтан, сол дәстүрлер байланыстырушы буын рөлін атқарады. Осылайша тарихи ақпараттың көзі ретінде қазақ мәдениеті алға шығып, қажет сұрақтың жауабын сол мәдениеттен іздеудеміз. Бүгінде қазіргі қазақ мәдениеті жаһандану үдерістерінің ықпалында қалып отыр. Дүниетаным барлық өмір салаларында батыстық стандарттарды дәріптеуге қарай біртіндеп тарылып барады. Мұндай жағдайда қазақстандық мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігі оның мазмұндық құрамына байланысты. Әйтпесе оның жадты қайта жаңғыртудағы рөлі төмендемек.

Осы аталғандарға байланысты қазіргі қазақстан қоғамы өткені туралы өзіндік түсініктерді қалыптастыруда. Ұжымдық жад қалай қалыптасады және неліктен кейбір оқиғалар біздің санамызда сақталып, ал басқалары ұмыт қалады, олардың қалыптасу алгоритмі қандай? Бұл мәселе төңірегінде еуропалық ғылымда бұрыннан пікірталас жүріп келеді. Мысалы, Анналдар мектебінің өкілдері «ұжымдық естеліктер» феноменін жоққа шығарып, тек жеке тәжірибеге негізделген дара жад қана бар деп есептейді (Ассман 2014). Ал «ортақ» немесе «ұжымдық жад» ұғымы метафоралық сипатқа ие болғандықтан, оны шынайы құбылыс ретінде қабылдауға болмайды деп санайды. Сонымен қатар олар ұжымдық естеліктер міндетті түрде идеологияға немесе мифке айналады деген пікірді ұстанады. Посткеңестік кеңістікте «ұжымдық жадты» зерттеу деңгейі айтарлықтай төмен. Бұл бір жағынан ағылшын тіліндегі ғылыми әдебиеттің жеткілікті дәрежеде игерілмеуімен байланысты болса, екінші жағынан тарих ғылымына, сондай-ақ жалпы гуманитарлық ғылымдарға тән консерватизммен түсіндіріледі.

Қорытынды

Сауалнама нәтижелері бұқаралық тарихи сананың жүйеленген білім емес, фрагменттелген және эмоциялық реңкке ие бейнелер жиынтығы екенін көрсетеді. Басымдық классикалық академиялық түсініктегі хронология мен фактографиядан жадтың аффективті маңызы жоғары «тірек нүктелеріне» – қоғамды біріктіретін немесе жіктейтін символдар ретінде қызмет ететін негізгі тұлғалар мен оқиғаларға ауысқан.

«Қазақ тарихының» нақты қай кезеңнен басталатыны туралы түсініктің айқын болмауы «үлкен нарратив» дағдарысының және тарихи субъективтіліктің жаңа негіздерін іздеу үдерісінің тікелей көрінісі болып табылады. Бұл империялық-кеңестік тарих үлгісінен ұлттық тарих тұжырымдамасына өтудің әлі аяқталмағанын көрсетеді. Өйткені осы үдеріс аясында жаңа хронологиялық және мағыналық шеңберлер енді ғана қалыптасып келеді. Ұжымдық түсініктер батырлық (жұмылдырушы) және травмалық (күйретуші) сипаттағы өткенді қатар қамтитын оқиғалардың төңірегінде шоғырланған. Мұндай екіжақтылық тарихи тәжірибені қайта пайымдаудың күрделі үдерісін бейнелейді. Бұл жағдайда ауыр әрі қайғылы оқиғалар мен қаһармандық сипаттағы кезеңдер қатар өмір сүріп, ұлттық дамудың тарихи жолын түсіндіруге бірдей қызмет етеді. Анықталған көрініс қалыптасып, бекіген тұжырымдармен емес, нақты уақыт режимінде жүріп жатқан серпінді «есте сақтау» үдерісімен бетпе-бет келіп отырғанымызды көрсетеді. Ұжымдық жад бұл жерде ретроспективалық емес, проективтік қызмет атқарады. Ол посткеңестік саяси және мәдени шындық жағдайында бұрынғы бірегейлікті қалпына келтірудің ғана емес, одан да маңыздысы, яғни жаңа бірегейлікті қалыптастырудың құралына айналады. Оның үзік-үзік сипаты мен эмоциялық реңкі кемшілік емес, керісінше жаңа мағыналарды қалыптастыру бағытындағы белсенді жұмыстың белгісі болып табылады.

Басқаша айтқанда, қазіргі Қазақстандағы ұжымдық тарихи жад дайын қалыптасқан құрылым емес, бірегейлікті қалыптастыру алаңы болып табылады. Бұл үдерісте эмоциялық тұрғыдан маңызды өткеннің бейнелері қазіргі заманның сын-қатерлеріне жауап іздеу және болашақтың бейнесін қалыптастыру үшін пайдаланылатын материал қызметін атқарады.

Acknowledgements

The authors express their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Авторлар мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Авторы благодарят за научно-редакторское сопровождение статьи.

Әдебиеттер тізімі

- Ассман А. *Длинная тень прошлого. Мемориальная культура и историческая политика*. Москва. 2014. 328 с.
- Битикчи Э. Манас или Ленин: ограничения памяти. *Немономиф*. 1 сентябрь, 2018. URL: <https://ru.esimde.org/archives/1144> (дата обращения: 10.10.2025)
- Емельянова Т., Кузнецова А. Значимые фигуры российской истории в коллективной памяти разных групп общества. *История и современность*, 2013. No. 2, с.123-129.
- Емельянова Т. Коллективная память о советском прошлом: назад в СССР? *Психологические исследования*. 2016. No. 9 (47). DOI: <https://doi.org/10.54359/ps.v9i47.465>

- Жуков Д. Коллективная память: ключевые исследовательские проблемы и интерпретация феномена. *Internum*. 2013. No. 1, с. 6-16
- Казакевич А. Символика места: забывание и фрагментация советского в ландшафте Минска. *Неприкосновенный запас*. 2011. No.6. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.nlobooks.ru/node/1575> (дата обращения: 10.10.2025)
- Карагезов З. Коллективная память и национальная идентичность в эпоху глобализации (на материале эмпирического исследования молодежи Азербайджана). *Кавказ и Глобализация*. 2009. Том 3, выпуск 1. URL: https://ca-c.org.ru/c-g/2009/journal_rus/c-g-1/11.shtml (дата обращения: 10.10.2025)
- Кожобекова А. *Редуцирование памяти: время и пространство на примере Ата-Бейит*. [Электронный ресурс]. URL: <http://esimde.org/archives/1101> (дата обращения: 10.10.2025)
- Медеуова К. Актуальные практики памяти: концептуализация прошлого и конструирование идентичностей. В: *Современные образовательные технологии в преподавании естественно-научных и гуманитарных дисциплин: сборник научных трудов II Международной научно-методической конференции, 9-10 апреля 2015 г.* Национальный минерально-сырьевой университет «Горный». Санкт-Петербург, 2015. С.467-471.
- Медеуова К. Поиск новых форм и пространств (мест) мемморизации для конструирования идентичности. *Хабарши-Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева*. Серия гуманитарных наук. 2017. No. 5, с. 330-334.
- Методологические вопросы изучения политики памяти: Сборник научных трудов*. Отв. ред. Миллер А.И., Ефременко Д.В. Москва – Санкт-Петербург. 2018. 224 с.
- Ногойбаева Э. *Политика памяти в Кыргызстане: От деколонизации к реколонизации*. [Электронный ресурс]. URL: <http://esimde.org/archives/449> (дата обращения: 22 ноября, 2017 г.)
- Нурбаев Ж.Е., Медешева И.Б. Қазақстардың XIX ғасырдың ортасындағы ұлт-азаттық қозғалысындағы мұсылман дін басылары. *Отан тарихы*. 2018. No. 3. С.168-178.
- Нурбаев Ж. Коллективная память в контексте формирования национальной идентичности (к постановке проблемы). В: *Международная научно-практической конференция «Проблемы изучения истории Казахстана в русле идеи Президента РК Н.А. Назарбаева «Мәңгілік Ел»*. 26 сентября 2014 года. Астана. С.34-39.
- Нора П. *Проблематика мест памяти*. Франция-память. Санкт-Петербург. 1999. 328 с.
- Практики и места памяти в Казахстане (структурно-типологический обзор)*. Медеуова К., Ермагамбетова К., Кикимбаев М., Мельников Д., Наурзбаева З., Рамазанова А., Сандыбаева У., Толгамбаева Д., Тлепберген А. Астана: ТОО Мастер По. 2016. 73 с.
- Рикёр П. *Память, история, забвение*. Перевод с фр. И.И. Блауберг и др. Москва. 2004. 728 с.
- Сулейменов О. АЗ и Я. *Книга благонамеренного читателя*. Алма-Ата. 1975. 302 с.
- Чеканцева З. Коллективная память и история. *Преподаватель XXI век*. 2015. No. 4, с. 229-239.
- Шнирельман В. Социальная память и образы прошлого. *Новое прошлое. The New Past*. 2016. No.1, с. 100-129.
- Хальбвакс М. Коллективная и историческая память. *Неприкосновенный запас*. 2005. №2-3. (40-41), с. 8-27

References:

- Assman A. *Dlinnaia ten proshlogo. Memorialnaia kultura i istoricheskaia politika*. Moscow, 2014. 328 p. (in Russian)

- Bitikchi E. Manas ili Lenin: ogranicheniia pamiati. *Nemonomyth*. September 1, 2018. URL: [https:// ru.esimde.org/archives/1144](https://ru.esimde.org/archives/1144) (access date: 10.10.2025) (in Russian)
- Emelyanova T., Kuznetsova A. Znachimye figury rossiiskoi istorii v kollektivnoi pamiati raznykh grupp obshchestva. *History and modernity*. 2013. No. 2, pp. 123-129. (in Russian)
- Emelyanova T. Kollektivnaia pamiat o sovetskom proshlom: nazad v SSSR? *Psychological research*. 2016. No. 9 (47). DOI: <https://doi.org/10.54359/ps.v9i47.465> (in Russian)
- Zhukov D. Kollektivnaia pamiat: kluchevye issledovatel'skie problemy i interpretatsiia fenomena. *Internum*. 2013. No. 1, pp. 6-16 (in Russian)
- Kazakevich A. Simvolika mesta: zabyvanie i fragmentatsiia sovetskogo v landshafte Minska. *Non-touchable stock*. 2011. No. 6. [Electronic resource]. URL: <http://www.nlobooks.ru/node/1575> (access date: 10.10.2025) (in Russian)
- Karagezov Z. Kollektivnaia pamiat i natsionalnaia identichnost v epokhu globalizatsii (na materiale empiricheskogo issledovaniia molodezhi Azerbaidzhana). *The Caucasus and Globalization*. 2009. Vol. 3, issue 1. URL: https://ca-c.org.ru/c-g/2009/journal_rus/c-g-1/11.shtml (access date: 10.10.2025) (in Russian)
- Kozobekova A. *Redutsirovanie pamiati: vremia i prostranstvo na primere Ata-Beit*. [Electronic resource]. URL: <http://esimde.org/archives/1101> (access date: 10.10.2025) (in Russian)
- Medeuova K. Aktualnye praktiki pamiati: kontseptualizatsiia proshlogo i konstruirovaniie identichnostei. In: *Modern educational technologies in the teaching of natural sciences and humanitarian disciplines: collection of scientific papers of the II International Scientific and Methodological Conference, April 9-10, 2015. National Mineral and Resources University "Gorny". St. Petersburg. 2015. Pp. 467-471.* (in Russian)
- Medeuova K. Poisk novykh form i prostranstv (mest) memmORIZatsii dlia konstruirovaniia identichnosti. *L.N. Gumilyov ENU Khabarshi-Vestnik. Series of humanitarian sciences*. 2017. No. 5, pp. 330-334. (in Russian)
- Metodologicheskie voprosy izucheniia politiki pamiati*: Collection of scientific papers. Responsible editor Miller A.I., Efremenko D.V. Moscow-St. Petersburg: 2018. 224 p. (in Russian)
- Nogoibaeva E. *Politika pamiati v Kyrgyzstane: Ot dekolonizatsii k rekolonizatsii*. [Electronic resource]. URL: <http://esimde.org/archives/449> (access date: November 22, 2017) (in Russian)
- Nurbaev Zh.E., Medesheva I.B. Kazakstardyn XIX gasyrdyn ortasyndagy ult-azattyk kozgalysyndagy musulman din basylary. *History of the homeland*. 2018. No. 3, pp.168-178. (in Kazakh)
- Nurbaev Zh. Kollektivnaia pamiat v kontekste formirovaniia natsionalnoi identichnosti (k postanovke problemy). In: *International scientific and practical conference "The problem of studying the history of Kazakhstan in accordance with the idea of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev "Eternal Country". September 26, 2014. Astana. Pp. 34-39.* (in Russian)
- Nora P. *Problematika mest pamiati. France is a memory*. St. Petersburg: 1999. 328 p. (in Russian)
- Praktiki i mesta pamiati v Kazakhstane (strukturno-tipologicheskii obzor)*. Medeuova K., Ermagambetova K., Kikimbaev M., Melnikov D., Naurzbaeva Z., Ramazanova A., Sandybaeva U., Tolgambaeva D., Tlepbergen A. Astana: TOO Master Po. 2016. 73 p. (in Russian)
- Ricoeur P. *Pamiat, istoriia, zabvenie*. Translated from French by I. I. Blauberg et al. Moscow. 2004. 728 p. (in Russian)
- Suleymenov O. *AZ i Ia. Kniga blagonamerennogo chitatelia*. Alma-Ata. 1975. 302 p. (in Russian)
- Chekantseva Z. Kollektivnaia pamiat i istoriia. *Teacher XXI century*. 2015. No. 4, pp. 229-239. (in Russian)
- Shnirelman V. Sotsialnaia pamiat i obrazy proshlogo. Now is the past. *The New Past*. 2016. No. 1, pp. 100-129. (in Russian)

Halbwachs M. Kollektivnaia i istoricheskaia pamiat. Non-touchable stock. 2005. No. 2-3 (40-41), pp. 8-27

Information about authors

Gulmira Zh. Sultangazy – Candidate of Historical Sciences, Teaching professor at the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management “Research Institute for Jochi Ulus Studies” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 15B Aleksandr Pushkin Street, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8998-5875>, sulg096@gmail.com

Lepuda K. Mukatayeva – Candidate of Historical Sciences, Professor Emeritus, Maqsut Narikbayev University, 8 Korgalzhyn Highway, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2249-0819>, lepuda_m@mail.ru

Zhaslan E. Nurbaev – Candidate of Historical Sciences, Teaching professor, Maqsut Narikbayev University, 8 Korgalzhyn Highway, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-4862-6152>, zhasulannurbayev@gmail.com

Авторлар туралы мәлімет

Гүлмира Жолмағамбетқызы Сұлтанғазы – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК, А. Пушкин көшесі, 15Б, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8998-5875>, sulg096@gmail.com

Лепуда Каримқызы Мукатаева – тарих ғылымдарының кандидаты, Professor Emeritus, Maqsut Narikbayev University, Қорғалжын тас жолы 8, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2249-0819>, lepuda_m@mail.ru

Жаслан Есеұлы Нұрбаев – тарих ғылымдарының кандидаты, Teaching professor. Maqsut Narikbayev University, Қорғалжын тас жолы 8, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-4862-6152>, zhasulannurbayev@gmail.com

Сведения об авторах

Гулмира Султангазы – главный научный сотрудник РГП на ПХВ «Научный институт изучения Улуса Джучи» КН МНВО РК, Александра Пушкина, 15Б, 010000, Астана, Казахстан Научного института изучения Улуса Джучи, ул. Туркестан 2, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-8998-5875>, sulg096@gmail.com.

Лепуда Каримовна Мукатаева – кандидат исторических наук, Professor Emeritus, Maqsut Narikbayev University, Коргалжинское шоссе 8, 010000, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-2249-0819>, lepuda_m@mail.ru

Жаслан Есеевич Нурбаев – Кандидат исторических наук, Teaching Professor Maqsut Narikbayev University, Коргалжинское шоссе 8, 010000, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-4862-6152>, zhasulannurbayev@gmail.com.

Authors' Contributions

Gulmira Zh. Sultangazy – Providing a methodological base, analyzing the collected data, and identifying key patterns.

Lepuda K. Mukatayeva – Collection, verification and systematization of materials.

Zhaslan E. Nurbaev – Actualization of issues in the context of modern historiography.

Авторлардың қосқан үлесі

Гулмира Султангазы – Әдістемелік базаны қамтамасыз ету, жиналған деректерге талдау жүргізу, негізгі заңдылықтарды анықтау

Мукатаева Лепуда Каримқызы – Материалдарды жинау, тексеру және жүйелеу

Нұрбаев Жаслан Есеұлы – Қазіргі тарихнама контекстіндегі проблематиканы өзектендіру

Вклад авторов

Гулмира Султангазы – Обеспечение методологической базы, проведение анализа собранных данных, выявление ключевых закономерностей.

Мукатаева Лепуда Каримовна – Сбор, верификация и систематизация материалов

Нурбаев Жаслан Есеевич – Актуализация проблематики в контексте современной историографии

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / ***Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 11.09.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 12.10.2025.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 30.11.2025